

КАЗАХСТАН ГОТОВ УЧАСТВОВАТЬ В РЕАЛИЗАЦИИ СТРОИТЕЛЬСТВА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ ТЕРМЕЗ – МАЗАРИ – ШАРИФ – КАБУЛ – ПЕШАВАР ПОСРЕДСТВОМ ПРЕДОСТАВЛЕНИЯ МАТЕРИАЛОВ ВЕРХНЕГО СТРОЕНИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПУТЕЙ. УБЕЖДЕН, ЧТО РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА БУДЕТ СПОСОБСТВОВАТЬ РАЗВИТИЮ РЕГИОНАЛЬНОГО СООБЩЕНИЯ И ТОРГОВЛИ ДЛЯ СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ, ТАК КАК ОТКРОЕТСЯ ДОСТУП К КРУПНЫМ МОРСКИМ ПОРТАМ ЮЖНО-АЗИАТСКОГО РЕГИОНА.



Марат КАРАБАЕВ,
министр транспорта РК



№42 (2972)
17/05/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖОЛ КАРТАСЫ: ҚАУІПСІЗДІК ДЕНГЕЙІ АРТУДА

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында темір жолда мүліктің сақталуы мен қауіпсіздігі деңгейін арттыру жөніндегі Жол картасын іске асыру мәселесіне қатысты кеңес өтті. Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің директоры Марат Шакенов жетекшілік еткен жиынға ҚР ІІМ-нің Көліктегі полиция департаменті өкілдері қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Жол картасы аясында ауқымды шаруалар атқарылған. Айталық, Алматы-1 және Алматы-2 вокзалдарының перрондарына полицияның жедел пункттері орнатылып, барлық бағдарларда қатынайтын жолаушылар пойыздарындағы вагон-мейрамханаларда және вагон-барларға жолаушылар қауіпсіздігі үшін бейнебақылау камералары қойылған. Тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жасау үшін теміржол станциялары мен вокзалдар қосымша бейнебақылау камераларымен жарақтандырылмақ. Бейнежазба полиция бөлмелеріндегі мониторларға келіп түсіп, дерек 30 күнге сақталады.

Көліктегі полиция өкілдері вокзалдардан жолаушылардың қол жүктерін арнайы аппарат арқылы тексеріп өткізу оң нәтижесін беріп, қауіп-қатердің алдын алуға септігін тигізіп отырғанын атап өтті. Алайда, вагондардың барлығы

бейнекамералармен толық жабдықталмағандықтан, кейбір заң бұзушылық әрекеттер дәлелсіз қалып жатқанын, сондықтан осы мәселені оң шешу жағын қарастыру қажеттілігі айтылды.

ҚТЖ өз кезегінде локомотивтердің шұғыл тежеу қолданғанын, кестеден тыс аялдауын және жазатайым оқиғаларды тіркеу үшін сыртқы және ішкі бақылау бейнетіркегіштерімен жабдықтауды жалғастыруда. Қазіргі уақытта бейнебақылау жүйесі 347 локомотивте орнатылып, жұмыс істеп тұр. Тағы бір атап өтерілігі, еліміздің зауыттарында құрастырылып жатқан локомотивтер бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

Сонымен қатар ұлттық компанияда тасымалдау процесінің тиімділігін және магистральдық желіде пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру үшін «Цифрлық шеңбер» жылжымалы құрамды бақылау жүйелерінің ауқымды жобасы іске асырылуда. Осыған орай, Қарағанды-Сұрыптау, Жаңаарқа, Арыс, Қандыағаш



және Локоть станцияларында лазерлік құрылғыларды, лидарлар мен өлшеу аспаптарын қолдана отырып жүктердің жай-күйін анықтауға, бейнебақылау жүргізуге мүмкіндік беретін рамка орнату жоспарлануда. Ал станцияларда келіп және кететін вагондардың тұтастығын бақылауды жүзеге асыратын қолданыстағы 40 кешенді жаңғырту көзделіп отыр. Сондай-ақ пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне әсер ететіндіктен, вагондарға шамадан тыс жүктік тиелуіне

немесе жүктің жетіспеуіне жол бермеу үшін Риддер, Аягөз, Шу, Шымкент, Түркістан, Дегелең, Алматы-1, Шиелі, Шетпе, Өзен, Павлодар, Тобыл, Қостанай, Алтынкөл, Сарыағаш, Ганюшкино және Шарбақты станцияларының парктөрлерінде жылжымалы құрамды өлшеу үшін вагон таразылары орнатылған.

Теміржолда адамдар мен малға соқтығысу оқиғаларының санын азайту үшін профилактикалық іс-шаралар белсенді жүргізілуде. Мәселен, бүгінгі күнге дейін 540-қа

жуық тыйым салатын ескерту белгілері жаңартылса, осы жылдың соңына дейін тағы да 209 белгі жаңартылмақ. Сонымен қатар жыл бойы темір жолдарға малдың шығуына тосқауыл болатын 1000 км жол бойына қоршау құрылғылары орнатылып келеді. Теміржолда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік деңгейін арттыру бағытында теміржолшылар мен тәртіп сақшылары алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс істеуге келісі.

Суретті түсірген
Диас НҮРМАҒАНБЕТОВ

ЭКОСИСТЕМА ДЛЯ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ



Новый импульс казахстанско-китайского сотрудничества дан в рамках реализации подписанного 5 апреля в городе Алматы меморандума о сотрудничестве между филиалом АО «KTZ Express» – «KTZE Commerce» и одной из ведущих китайских компаний Xinjiang Yinzhou Hantang Trading Co, Ltd. Так, из Казахстана в г. Урумчи (КНР) отправлены первые фуры с целью дальнейшей загрузки и перевозки по железной дороге скоропортящихся товаров.

Это сотрудничество свидетельствует о новом этапе в развитии казахстанско-китайского взаимодействия, направленного на расширение торговых возможностей, углубление деловых отношений и создание более эффективной логистики.

Напомним, что меморандум предусматривает развитие сотрудничества в рамках совместной организации поставок из Китая в Казахстан, в страны ЕАЭС и в обратном направлении.

В АО «KTZ Express» убеждены, что совместная работа филиала «KTZE Commerce» и Xinjiang Yinzhou Hantang Trading Co, Ltd. позволит не только расширить возможности для экспорта и импорта товаров, но и существенно повысить эффективность логистических цепочек и оптимизировать расходы.

К слову, в Казахстане в целом начата работа по созданию подкомитета по сельскохозяйственному сотрудничеству Казахстана и Китая.

В настоящее время Продкорпорацией проводится работа по проведению централизованной работы по обеспечению скоординированных действий казахстанских товаропроизводителей, АО «НК «Қазақстан темір жолы» и государственных органов для доступа на внешние рынки, в том числе в КНР.

Асель ШАЙХЫНОВА



Тілектес ҚОНДЫБАЕВА,
Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің еңбек қорғау және экология секторының басшысы:

«ЖҰМЫСШЫ КӘСІПТЕРІНІҢ ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ» ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ЗОР МОТИВАЦИЯ БЕРДІ. ӘРІ ОЛАР ӨЗДЕРІН СЫНАП КӨРІП, ЖҰМЫСҚА ДАҒДЫ АЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР БҰЛ САЙЫС ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУҒА ДА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЖҰМЫС ОРНЫНДА ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАП, ҚАТЭСІЗ ЕҢБЕК ЕТУГЕ, ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУҒА ҮЙНТАЛАНДЫРАДЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

АСТАНА ІРГЕСІНДЕГІ
ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ
ЗАУЫТЫ

850

ЖЕРГЛІКТІ ТҮРҒЫНДЫ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТІП ОТЫР.

ҚТЖ ЖЕЛІСІНДЕГІ ЖАЗҒЫ
БОЛ ЖҰМЫСТАРЫНА
БАРЛЫҒЫ

730

ТҮРЛІ ТЕХНИКА
ЖҰМЫЛДЫРЫЛАДЫ.

БИҮЛ АТЫРАУ
БӨЛІМШЕСІНДЕ

70 км

ТЕМІРЖОЛ КҮРДЕЛІ
ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛЕДІ.


Стратегиялық нысан

КЕСТЕГЕ САЙ ЖҮРІП ЖАТЫР

Еліміздегі ірі инфрақұрылымдық жоба – «Достық-Мойынты» теміржол учаскесінде екінші жолдардың құрылысы кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күні жұмысқа мыңға жуық адам мен 450-ден астам арнайы техника жұмылдырылған.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Астана

Еуразия құрлығын жалғап жатқан қазақ даласындағы теміржол Қытай мен Еуропа және Орталық Азия мен Араб түбегіндегі елдер үшін тауар тасымалдауда маңызды өткелге айналды. Осы мүмкіндікті толық пайдалану үшін Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен өткен жылы Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы басталды. Құрылыс жұмысы Жетісу облысында қарқынды жүргізіліп жатыр. Ұзындығы 836 шақырымды



құрайтын екінші желіні төсеу үшін жер төсемінің 6,4 млн шаршы метрі дайындалып,

15 көпір мен 177 су өткізгіш құбыр салынып, 406 шақырым теміржол төселді.

Құрылыс жұмыстары 2022 жылдың қараша айында басталған. Екінші жолдардың пайдалануға берілуімен учаскенің өткізу қабілеті 5 есеге дейін артады деп жоспарланып отыр. Достық жүк тасымалы бекетінен Мойынты станциясына дейінгі 836 шақырымдық екінші теміржол желісі отандық өнімнің экспорттың ұлғайтуға және елдің транзиттік әлеуетін арттыруға тікелей ықпал етпек.

Мамандардың айтуынша, құрылыс барысында 5 ірі, 87 шағын және орта масштабтағы көпір, 288 су жүргізу құбыры, 14 автожол өткелі, сондай-ақ энергетика және байланыс нысанын салу жоспарланған. Құрылыс 2025 жылдың 4 тоқсанында аяқталады. Жобаға тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қоры, ал құрылыс жұмысын «Integra construction kz» ЖШС жүзеге асыруда.

Сурет Көлік министрлігі сайтынан алынды

ПРОВОДНИКИ ГОТОВЯТСЯ К ЛЕТНИМ ПЕРЕВОЗКАМ

Более 160 проводников прошли обучение, центральной темой которого стали санитарно-эпидемиологические требования к содержанию и эксплуатации пассажирских вагонов.

Алинура КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

Семинары прошли в городах Астане, Алматы, Караганде, Кызылорде, Шымкенте, Мангистау, Актобе, Атырау, Таразе и Уральске.

Обучение организовано в рамках сотрудничества между АО «Пассажирские перевозки» и департаментом санитарно-эпидемиологического контроля на транспорте Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения РК.

В ходе занятий проводники разобрали вопросы обеспечения безопасности жизни и здоровья пассажиров. Также были даны рекомендации по соблюдению

санитарных правил и действиям в случае обнаружения особо опасных инфекций. Так, перед каждым рейсом пассажирские поезда обрабатываются дезинфицирующими веществами, а поездная бригада проходит обязательные медицинские осмотры, строго выполняют требования к содержанию пассажирских вагонов, нормам уборки в различных помещениях вагона в пути следования. В поездах имеется необходимый запас лекарственных средств и изделий медицинского назначения.

Персонал проинформирован и обучен тому, как следует вести себя в нестандартных ситуациях, оказывать первую медицинскую помощь. Данные обучения способствуют повышению уровня



профессионализма проводников.

К слову, с начала года для работников АО «Пассажирские перевозки» проведено 35 семинаров по повышению осведомленности о санитарно-эпидемиологических требованиях к транспортным средствам для перевозки пассажиров.

Фото автора

НА ВЫХОДНЫЕ – ПОЕЗДОМ



В майские праздники путешествия на поездах ҚТЖ выбрали более 317 тысяч пассажиров.

Железнодорожный транспорт остается самым популярным и доступным в Казахстане. Наиболее востребованными для поездок по железной дороге стали выходные с 7 по 9 мая: в эти дни в путь отправились 112 тысяч пассажиров.

Особой популярностью пользовались поезда, курсирующие по маршрутам Астана – Алматы, Астана – Шымкент, Алматы – Шымкент и Астана – Семей.

Всего с 1 по 9 мая 2024 года поездами АО «Пассажирские перевозки» перевезено более 317 тысяч человек.

Из-за ряда преимуществ перед другими видами транспорта, в том числе бесперебойным движением в любую погоду, ежегодно услугами ҚТЖ пользуются свыше 13,5 миллиона пассажиров.

Роман ЛЮБИМОВ

ҮМІТКЕРЛЕР ІРІКТЕЛМЕК

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметі қазақ теміржолының 120 жылдығына арналған бейнематериалдар сериясын шығаруды жоспарлап отыр.

Оны кең ауқымды ету үшін өңірлерді белсенді түрде тарту көзделуде. Ол үшін жас теміржолшылар арасынан үміткерлерді іріктеу қажет, атап айтқанда олар машинистер, вагон қараушылар, жолсеріктер, жолшылар арасынан таңдалатын корпоративтік блогерлер, т.т. Қатысушылар ролікте теміржолдағы қызықты бір оқиғамен бөліседі, жетістіктері мен табыстары туралы баяндайды. Мәселен, олар тарихи нысандар жайлы, яғни бірегей көпірлер, музейдегі көне экспонаттар, тарихи ғимараттар мен ескерткіштер туралы баяндауы мүмкін. Сонымен қатар олар алғашқы машинистер, соның ішінде әйел машинистер, ардагерлер, өңірге танымал тұлғалар туралы да сыр шерте, құба-құп. ҚТЖ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларында жарияланатын роликтердің ұзақтығы 1 минуттан аспауы керек. Үміткерлерді 20 мамырға дейін ұсыну қажет.

ЖОЛАУШЫЛАР ЭВАКУАЦИЯЛАНДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе теміржол вокзалының екінші қабатынан өрт шықты. Түгін жайлаған ғимарат ішінде қалған жолаушылар эвакуацияланды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық желі бөлімшесіне қарасты №39 өрт сөндіру пойызы мен облыстық ТЖД бірлесіп Ақтөбе теміржол вокзалында өткен өртке қарсы оқу-жаттығу шарасы осылай басталды. «Вокзал ғимаратындағы өртті сөндіру және адамдарды көшіру» тақырыбында өрт-тактикалық оқу-жаттығуының сценарий бойынша екінші қабаттан өрт шығып, ғимарат ішін түгін басты. Есінен танып құлаған адамға дер кезінде көмек көрсетіліп, медицина қызметкерлеріне табысталды. Өрттен қорқып, ғимарат төбесіне шығып кеткен адамдар автосаты арқылы төмен түсірілді.

Жауапты мамандар нысаннан шыққан өрттің алдын алу және өртті тез арада сөндіріп, ғимараттың ішінен қызметкерлер мен жолаушыларды қауіпсіз жерге жедел көшіруді ұйымдастыру, өрт кезінде дұрыс шешім қабылдауды пысықтау жұмыстарын сауатты атқарып, төтенше жағдайға сақдай сай дайындықтарын көрсетті. «Жаттығу ең алдымен іс-қимылдың жедел және шпашан, сауатты әрекет етіп, өрттің алдын алу бағытындағы жұмыстарды нығайтуға бағытталды. Сырттан қарағанда жаттығу емес, шынайы оқиға сынды көрінген іс-шара жоғары деңгейде өтті деп қорытындыланды», – деді Ақтөбедегі өрт сөндіру пойызының басшысы Бауыржан Файзоллаулы.

Айта кетейік, оқу-жаттығуға өрт сөндіру пойызы, екі өрт сөндіру техникасы, полиция қызметкерлері мен дәрігерлер қатысты.

ЕҢ БАСТЫСЫ – ТӘЖІРИБЕ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Теміржол қызметінде өрттен төнетін қауіп қай кезде болмасын жоғары. Сондықтан еңбек қауіпсіздігі бойынша тілсіз жаудан сақтану алдыңғы кезектегі мәселелер қатарында тұр.

Семей теміржолында бөлімше басшылығы мен салалық кәсіподақ ұйымының бастамасымен арнайы семинар-тренинг болып өтті. Негізгі тақырып – өрт қаупі туындаған жағдайдағы жедел әрекет және тілсіз жаудың алдын алу бойынша сақтық шараларын күшейту.



Жиынға желі бойындағы барлық мекемелерден еңбекте қорғау инженерлері, өндірістік қауіпсіздік саласына жауапты мамандар жиналды. Семинар-тренинг барысында негізгі басымдық теміржол қызметіндегі стандартты емес жағдайлар кезіндегі қолданылатын дағды-машықты шыңдауға берілді. Яғни өрт қаупі туындаған шақтағы әрекет, шұғыл түрде апаттың алдын алу жұмыстарын үйлестіру мәселелеріне баса мән берілді. Өрт орын алған жағдайда адам және мүлік шығынына жол бермеу немесе тілсіз жаудан келер залалды мейлінше төмендету сөз болды. Бұл ретте ең бастысы тәжірибе, яғни әрбір қызметкердің қызыл жалынмен күрес жүргізуде тәжірибесі болуы тиіс. Яғни тосын жағдай туындаған шақта дүрбелеңге жол беріп, дағдарып қалмай жедел әрекет ете білулері қажет.

Жиын барысында өрт сөндіру қызметінің мамандары атап өткендей, кеңседе жұмыс істейтін әрбір маман өрт сөндіру құрылғысымен жұмыс істей білуі керек. Осы орайда мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтің инспекторы Е.Тойкенов қызыл жалын тұтана қалған шақта әр ғимаратта сақталатын өртсөндіргіш құрылғымен жұмыс істеудің оңай тәсілдерін тәжірибе жүзінде көрсетіп берді.

Қатысушылар стандартты емес жұмыс жағдайында әрекет ету бойынша өзара пікір алмасты.

Суретті түсірген автор

ҚТЖ МҮМКІНДІКТЕРІ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Елордалық мектеп бітірушілерге көлік саласы, соның ішінде теміржол туралы ақпарат алуға тамаша мүмкіндік берілді. Көлік министрі Марат Қарабаев Астана мектептерінің түлектерімен «ашық микрофон» форматында кездесу өткізіп, оған «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Владимир Бабиченко да қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

– Мемлекет басшысы еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін нығайту ісіне барынша күш салуды тапсырды. Кәсіби мамандар кез келген саланың табысты дамуының кепілі болып табылады. Бұл кездесуді көлік саласының қоғамдағы атқаратын рөлін айқындап, кейінгі толқынға бағыт-бағдар беру мақсатында ұйымдастырдық, – деді Марат Қарабаев.

Бүгінгі таңда білікті кадрлар тапшылығы маңызды мәселе болып отыр. Жалпы авто, теміржол және авиация мамандарына деген қажеттілік шамамен 9 мың маманды құрайды. Бұл ретте 39 ЖОО-да 16 мыңнан астам студент осы бағыт бойынша білім алып жатыр. Оның ішінде «Автомобиль жолдары мен әуеайлақтар құрылысы», «Көпірлер мен көлік тоннельдерін салу», «Теміржолдар құрылысы» мамандықтары бойынша бар-жоғы 441 студент білім алады екен.

В.Бабиченко «Менің мамандығым – теміржолшы» тақырыбында баяндама жасап, ҚТЖ компаниясының тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі даму жолы, жаңа дәуірдегі жетістіктері, кадр саясаты, мамандарды оқыту мен олардың материалдық, әлеуметтік жағдайын жасау жайына кеңінен тоқталды. Өзінің де теміржолшылар әулетінен шыққанын жеткізді.



– Бүгінде ҚТЖ транзиттік тасымал көлемін арттыруға мән беріп, көлік-логистикалық қызметтер нарығында еркін қозғалуда. Компания Қазақстандағы тартымды жұмыс берушілер үштігі қатарына еніп отыр. Еліміздегі ең ірі жұмыс беруші компанияда қазір 116 мың адам еңбек етеді. Олардың әрбірі өзінің білімі мен біліктілігі және мамандығына деген адалдығымен теміржол тасымалын қамтамасыз етіп, ел экономикасын дамытуға үлес қосуда. Жұмыс беруші ретінде тартымды болуына бірнеше фактор септік етеді, біріншіден, бізде тәжірибесі болмаса да жұмысқа алу, тұрақты жалақы, мансаптық өсу, жеке және кәсіби тұрғыда даму мүмкіндіктері бар, – деді спикер.

Ол сондай-ақ теміржолдағы ең негізгі ма-

мандықтар – машинист, станция кезекшісі, пойыз диспетчері, пойыз құрастырушы, вагон қараушы, электр механигі, жолсерік, жол монтері, жол шебері сияқты мамандықтардың міндеттері мен қызметтеріне бөлек-бөлек тоқталды. Айтуынша, бүгінде Магистральдық желілер дирекциясында 21,2 мың адам еңбек етсе, Жолаушылар тасымалында 5,8 мың адам бар, ал Жүк тасымалы бойынша 31,1 мың теміржолшы қызмет етуде. Ең көбі, жол монтерлері – 11 313 адамды құраса, одан кейінгі орында 7 413 машинист бар, сосын 4 627 жолсерік еңбек етеді. Баяндамашы сонымен қатар компаниядағы жас теміржолшыларды қолдап, дамытағы арнайы бағдарламалар мен жобалар туралы да мәлімет берді.

Суреттерді түсірген автор

АРЫСТАҒЫ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР



РЕКОНСТРУКЦИЯ

Сүлүгүл БАКЕСОВА,
Астана

Одақ тараған соң, 1992 жылдан бері Арыс станциясының Е, Д сұрыптау дөңестерінің жұмыстары тоқтатылып, қаңтарылып бос тұрған болатын. 2009, 2013, 2018 жылдары оларды қалпына келтіру әрекеттері болғанымен, ол сәтсіз аяқталды.

ҚТЖ басшылығының тапсырмасы бойынша өткен жылдың желтоқсан айында станцияны ауқымды жаңғырту жұмыстары басталды. Дирекция мамандарының айтуынша, Түркістан тарапынан Д паркінің бағытындағы 860 метр байланыстырушы жолды бөлшектеуі тура келген. Өйткені Е, Д паркінің жолдары мазуттан қатпарланып, ластанып кеткен екен. Шпалдардың да жағдайы мез емес. Жолды УК РШП кранымен бөлшектеуге кірісіпті, бірақ толық бөлшектеу мүмкін болмағандықтан рельстерді қолмен алуға шешім қабылданған.

Бұл жұмысқа төрт ай бойы күн сайын 40-50 адам жұмылдырылған.

Жұмыстың дені жазғы жол жұмыстары басталғанға дейін, жылы келетін оңтүстіктің қысқы айларында жүргізілгендіктен, пайдалану шығындарын да азайтуға мүмкіндік болған. Сол уақытта Шымкент бөлімшесінде күрделі жөндеу кезінде шығарылған рельс-шпал торкөздерін іріктеп, төсеу жұмыстары қатар жүргізіліпті. Жол жұмысына адамдардан бөлек ПРБ жол техникасы, электробалластер, «Дуомат», «Унимат» машиналар



кешені, ал шпалды ауыстыруға «Жейсмар» техникасы пайдаланылған. Бұл жұмыс Сарыағаш станциясы бойынша жүретін айналма жолдың құрылысымен бір мезгілде қатар орындалған. Сонымен төрт ай ішінде арнайы жол техникасының көмегімен жалпы ұзындығы 13,5 км 12 жол жөнделіп, 10 мың текше метр қиыршық тас балласты төселген. Ескі 16 бағыттағыш бұрманың су жаңа сапалы түріне алмастырылған. Міне, осылайша Магистральдық желі дирекциясының күшімен станцияның жаңағы сұрыптау дөңестерінің

екі паркі қайта жаңартылып, іске қосылған. Сонымен қатар жобаны іске асыру шеңберінде 54,5 км кабель төселіп, белгі беру, орталықтандыру және бұғаттау аппаратурасы (жалпы көлемі 433 атау), 6 вагон баяулатқышы, компрессорлық станцияны электрмен жабдықтау үшін трансформатор орнатылған.

Арыс, Қызылорда, Шымкент, Жамбыл жол шаруашылығы, белгі беру және байланыс дистанцияларының 180-нен астам қызметкерінің күш-жігері нәтижесінде жұмыстар қысқа мерзімде аяқталып, биылғы 30 сәуірде қалпына келтірілген жұп дөңес арқылы Түркістан станциясынан келген алғашқы пойыз таратылған.

Мамандар дөңесті қайта құрылымдау станцияның өңдеу қабілетін тәулігіне 3306-дан 5250 вагонға дейін (55%) арттыратынын, сондай-ақ Сарыағаш ШАТП бойынша шекаралық бақылауды жеделдету үшін біртекті пойыздарды қалыптастыруға мүмкіндік беретінін айтып отыр.

Суретті түсірген автор

ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ БАСШЫ...



КӨКЕЙКЕСТІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Биылғы жылдың төрт айында Атырау магистральдық желі бойынша 9 мал басу оқиғасы орын алып отыр. Ал өткен жыл бойына 48 мал басу оқиғасы тіркелген. Бөлімше тарапынан жолға мал шығудың алдын алу мақсатында 2023 жылы 149,2 шақырым қоршау тұрғызылса, 2024 жылға 93,7 шақырым қоршау тұрғызу жоспарланып отыр.

– Әрине, жолдағы мал тек Атырау өңірі емес, барлық аймақтағы теміржолшылар үшін нағыз проблемаға айналды. Қараусыз жайылған төрт түлік темір жолға шығып кетіп, локомотивтердің шұғыл тежеу қолданып тоқтауы пойыздардың қозғалыс кестесінің бұзылуына әкеліп соғады. Ал ол қаншама шығын. Малды теміржолдың айналасында бағудың өз тәртібі бар. Әр елдімекеннің, шаруа қожалығының мал



жаоға арналған белгіленген учаскесі болуы тиіс. Мал сол белгіленген учаскенің ішінде бағылады. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы «Теміржол көлігі туралы» және теміржол көлігіндегі басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қоршалмаған учаскеде малды теміржолдан 300 метр қашықтықта арқандаулы күйде

бағуға ғана рұқсат берілсе, теміржолдан 2 км қашықтыққа дейін үнемі қадағалаумен бағуға рұқсат етілген. Егер осы заңдылықтар сақталмаған жағдайда, теміржолдың жиегіне мал жайып, қорғағыш екпе ағаштарды, қамыстарды және басқа да теміржолдың материалдарын бүлдірген болса, мал иесіне ҚР ҚК «Көлік және жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 559-бабына сәйкес әкімшілік шара қарастырылған, – дейді бөлімше бастығының бірінші орынбасары Аманқос Жылқыбаев.

Бөлімше тарапынан малдың теміржол бойына шығуын тоқтату мақсатында аудан әкімшіліктеріне хат жолданып, малды теміржолдан тыс жерлерге бағу орындарын белгілеу ұсынылған. Алайда, одан қорытынды шығып жатқан жоқ. Көптеген мал иелері жергілікті табиғат жағдайына байланысты малды жайылымға бос жіберетінін айтып ақталады. Олар ірі қара малдың пойыздардың астына түсіп, өздері бір шығындылып, теміржолға да қыруар экономикалық-материалдық шығын әкелетінін ескере бермейді. «Шығасыға иесі басшы дейді қазақ. Ақ-адал өсіріп отырған төрт түлігінің игілігін көргісі келсе, адамдар өздері әрекет жасауы керек қой. Кейбір басылған малдың құлақтарында сырғалары болмайды немесе ветеринарлық базадан табылмай, мал иесі анықталмай қалады. Сондықтан аудан әкімшіліктері малды теміржолдан тыс жерден бағу орындарын белгілеп, мал иелерінің өз міндеттерін орындауын қатан қадағалауға алып, қажет болса шара қолдануы керек», – деп санайды А.Жылқыбаев.

Суретті түсірген автор

ИНТЕРЕС К МАРШРУТУ РАСТЕТ



ТМТМ

Любовь РОВБА,
Астана

В мероприятии приняли участие представители морских портов Актау и Курык, представители госорганов, а также послы Таиланда, Индонезии, заместитель посла Вьетнама.

Обсуждая перспективы торговли со странами – участницами АСЕАН, начальником сектора маркетинга порта Курык Айткали Нурмаганбетов отметил широкие возможности, открывающиеся благодаря развитию ТМТМ.

– Это позволит нам взаимодействовать не только со странами Центральной Азии, но

Возможности для торговли со странами – участницами Ассоциации государств Юго-Восточной Азии (АСЕАН) обсудили на семинаре по Транскаспийскому международному торговому пути и логистике.

и в дальнейшем обмениваться товарами. Чтобы увеличить грузопоток, необходимо повысить эффективность ТМТМ. Если страны АСЕАН будут вовлечены в данный процесс, это позволит нам увеличить транзитный потенциал Казахстана, тем самым привлечь еще больше игроков на данный маршрут, – сказал Айткали Нурмаганбетов.

В свою очередь посол Таиланда Чатчаван Сакорнсин рассказал о том, что Королевство Таиланд заинтересовано в ТМТМ.

– Исходя из последних геополитических и геоэкономических изменений, мы ищем новые альтернативные пути для транспортировки товаров

из Таиланда. Раньше мы все перевозили через Россию, Транссибирский путь. В ноябре у нас был семинар с послами Таиланда из всех стран. И внимание всех привлек ТМТМ как нечто новое для передвижения товаров из Таиланда в Казахстан. И мы выражаем большой интерес к Казахстану, так как он является одной из самых больших стран в Центральной Азии, – сказал Чатчаван Сакорнсин.

Руководитель управления индустриально-инновационного развития Мангистауской области Венера Мустапаева подчеркнула, что на сегодняшний день Мангистауская область обладает мощным транзитным

и транспортно-логистическим потенциалом международного значения между Европой и Азией. По итогам 2023 года внешнеторговый оборот области достиг 4,7 миллиарда долларов. Экспорт – четыре миллиарда долларов. Основным видом экспортных товаров является нефть и нефтепродукты.

– Важным объектом морской транспортной инфраструктуры является незамерзающий морской порт Актау на Каспии, который находится на стыке международных коридоров ТРАСЕКА, Север – Юг и ТМТМ, Китай – Европа, – добавила Венера Мустапаева. – Актауский морской торговый порт – это современный многоцелевой терминал, обслуживающий международные транспортные коридоры. Его мощность – 12,2 миллиона тонн.

Отметили участники семинара и важную роль порта Курык мощностью шесть миллионов тонн, который обеспечивает мультимодальную транспортировку грузов по ТМТМ.

Перевозки

ВКЛАД В ОБЩЕЕ ДЕЛО

С начала текущего года на станции Алтынколь выполнены все производственные показатели. Так, принято 2 834 поезда, импорт (прием) – 1 974, экспорт (сдача) – 860, показатели выполнены на 100%.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
станция Алтынколь

На сегодняшний день одним из основных показателей станции Алтынколь являются контейнерные поезда, которые позволяют доставить груз в минимальные сроки по принципу «от двери к двери». Продвижение контейнерных поездов является важным показателем роста и развития в сфере железнодорожной логистики. Этот метод перевозки через станцию Алтынколь позволяет увеличить эффективность, скорость доставки грузов, снизить затраты на транспортировку и

содействует экономическому развитию региона. Так, с начала года отправлено 1 236 контейнерных поездов, из них в Европу – 312, в Беларусь – 89, РЖД – 323, САЭ – 106, ТМТМ – 42 поезда.

К слову, объем работы на станции огромный, осуществляют многие операции: подача, уборка вагонов на терминалы как по широкой, так и по узкой колее. И для осуществления всех этих действий необходимо четкое взаимодействие между составителем поезда и машинистом маневрового движения. И каждая ошибка, послешное или запоздалое действие любого из



участников маневров могут привести к печальному финалу. С целью недопущения подобных случаев на станции широко поставлена техническая учеба, все занятия проходят в игровой форме при наличии наглядных пособий, опираясь на знания опытных специалистов. Нельзя не отметить и профсоюзную работу, которая играет важную роль в поддержании благоприятных условий труда и защите прав работников. Профсоюз активно взаимодействует с администрацией, выступая за

улучшение условий труда, обеспечение социальных гарантий и решение трудовых конфликтов.

С каждым годом на станции появляются новые объекты, направленные на обеспечение комфортных условий жизни и работы железнодорожников. Создание объектов социальной сферы, торговых точек, спортивных площадок, все эти усилия направлены на то, чтобы сделать станцию Алтынколь комфортным местом для проживания и работы.

Фото автора

В ПРОГРЕССИВНОМ НАПРАВЛЕНИИ

Очередной прорыв удалось совершить костанайским железнодорожникам по итогам четырех месяцев 2024 года.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Речь идет о контейнерных перевозках – инфраструктуре сравнительно новой, но очень перспективной. Именно за данным видом перевозок, как постоянно повторяет руководство компании, будущее. И в регионах, в частности в Костанайском, постоянно стремятся наращивать этот современный вид грузоперевозок.

Итак, как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Кенес Дюсекеев, за четыре месяца текущего года по Костанайскому отделению было погружено самых различных



видов грузов в 8 333 контейнера. Они были установлены на 4 291 фитинговую платформу. Общий вес составил 241,2 тысячи тонн. Из всего этого объема в Костанайском регионе было сформировано и отправлено

124 организованных маршрута. Что касается номенклатуры отправляемых грузов, то она следующая: зерновые культуры составили 81,6 тысячи тонн, погруженные в 3 027 контейнеров, из них было сформировано

42 организованных маршрута; продуктов перемола отгружено 149,4 тысячи тонн. Асбест в Костанайском регионе отправляют со станции Житикара. За четыре месяца отгружено 10,2 тысячи тонн.

– На самом деле именно за контейнерными перевозками широкое будущее, – говорит Кенес Дюсекеев. – Это очень экономичный, качественный, оперативный в отгрузке и надежный в транспортировке вид перевозок. И самые крупные грузоотправители стремятся все больше и больше видов своей номенклатуры отправлять именно контейнерами. И в этом плане мы готовы широко идти им навстречу. Лучшим свидетельством увеличения объема контейнерных перевозок служат цифры. Уверен, они будут расти и в дальнейшем.

Фото автора

НА ФИНИШНОЙ ПРЯМОЙ



РЕМОНТ ПУТИ

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Как отметил главный региональный ревизор департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбек Альмуразаев, капитальный ремонт железнодорожного пути – это комплекс работ, направленный на оздоровление, модернизацию и восстановление верхнего строения пути с полной или частичной заменой его элементов, а также выправку кривых участков, очистку загрязненного балласта.

– Как правило, в рамках капитального ремонта проводятся работы, связанные с исправлением верхнего строения пути,

земляного полотна в случае его отклонения от норм содержания, устранение различных просадок и обвалов, ликвидации последствий от оползней и осыпей, а также местное оздоровление участков земляной подложки. Обычно земляные работы проводятся за 12 месяцев до начала капитального ремонта пути, – рассказывает он. – Ко всему прочему производится ремонт и обслуживание устройств, отвечающих за отвод остатков загрязненной воды и дренаж, реставрационные работы, предназначенные для обновления сооружений защитного и укрепительного типа, с целью сохранения исходных составляющих земляного полотна.

В ходе капитального ремонта пути были

предусмотрены продолжительные 92 часовые технологические окна.

Оздоровление путей на участке проводится с применением машин тяжелого типа – электробалластеров, путеподъемников, планировщиков, дозировщиков, хоппер-дозаторов, щетнеочистительных машин, путеукладчиков, рельсоукладчиков, машин ПРСМ, РШП-48, выправочно-подбивочно-рихтовочных, путерихтовочных, отделочных, путеизмерительных и дефектоскопных вагонов, автомотрисов, тележек и другого транспорта.

Путевые работы на участке Дарья – Жарык продолжаются.

Фото автора



Безопасность

ВСЕ ПОД КОНТРОЛЕМ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

В Акмолинском отделении ГП проходит месячник «Действия работников при нестандартных ситуациях и соблюдение регламента переговоров». Месячник завершится 31 мая текущего года.

В рамках месячника по отделению ГП был проведен ряд мероприятий, которые направлены на улучшение состояний безопасности движения поездов. В частности, проведено ознакомление причастных работников с телеграфным указанием № ГПП/13533-И от 30.04.2024 года главного инженера ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марлена Кокрекбаева о проведении месячника. На рабочих местах вывешены аншлаги о проводимом месячнике, проводится разъяснительная работа среди трудового коллектива станций на планерных и узловых совещаниях по соблюдению требований безопасности движения, а также последствий от допущенных событий.

Кроме того, руководителями станции и локомотивного депо организовывается техническое и практическое обучение работников с привлечением представителей смежных служб ДС, ДСЗ, ДСТ ТЧЭ, ТЧЭЗ, ТЧЭП ДНЧ, ТР. Проводятся дополнительные проверки в части обеспечения безопасности движения поездов, приготовления маршрута, ведения переговоров, выполнения работниками станций своих должностных обязанностей при производстве маневровой работы.

Особое внимание уделено разработке графика проведения теоретических и практических занятий руководителями отделений ГП по изучению требований НПА и НТД (ГРА станции, технического процесса), по вопросам обеспечения безопасности движения, правил ведения переговоров между ДСП и машинистом поезда, маневрового локомотива и МВПС.

Требования, предъявляемые к действиям при нестандартных ситуациях и регламенту переговоров, направлены на обеспечение безопасности движения поездов, поэтому контроль за его исполнением должен быть усиленным, а не тотальным.

БОЕВАЯ ГОТОВНОСТЬ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

С 1 по 31 мая на станции Екибастуз для обеспечения устойчивой и бесперебойной работы структурных подразделений проходит месячник «Действия работников при нестандартных ситуациях и соблюдение регламента переговоров».

На рабочих местах железнодорожников станции Екибастуз вывешены аншлаги месячника. Руководством станции организованы проверки соблюдения работниками выполнения своих должностных обязанностей, действий в нестандартных ситуациях, соблюдения регламента переговоров, в том числе на планерных совещаниях проводится индивидуальный инструктаж касательно месячника с записью в служебном формуляре.

– С работниками, связанными с движением поездов, проводятся технические занятия с показом видеороликов о действиях в нестандартных ситуациях. Железнодорожники, показавшие удовлетворительные знания, поощряются памятным подарком – кружком с логотипом «Лучший работник месяца» и почетной грамотой. Проект о поощрении сотрудников предложен работниками станции, награждение производится за счет профсоюзного комитета, – рассказал начальник станции Екибастуз Бестыбай Бекенов.

Задача месячника «Действия работников при нестандартных ситуациях и соблюдение регламента переговоров» – развернуть разъяснительную работу с железнодорожниками станции Екибастуз для принятия оперативных мер в обеспечении безопасности движения при возникновении нестандартной ситуации.

Фото автора



ОБНОВЯТ ОБОРУДОВАНИЕ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Новый дизель-генератор установят на посту ЭЦ станции Оскемен-1 работники Защитинской дистанции сигнализации и связи.

ИНФРАСТРУКТУРА

Это положительно скажется на бесперебойности снабжения электричеством устройств сигнализации, централизации и блокировки (СЦБ) и безопасности движения поездов. – По сути, это резервная электростанция. Если вдруг от электриков пропадет электропитание, и устройства СЦБ им перестанут обеспечиваться, то дизель-генератор заводится автоматически и снабжает эти устройства электричеством, – объяснил заместитель начальника по СЦБ Защитинской дистанции сигнализации и связи Асет Омрханов.

Сейчас пока на посту ЭЦ находится устаревший физически и морально дизель-генератор, который отработал свой ресурс, говорит Асет Омрханов. Его возраст – уже несколько десятков лет. Запчасти на него найти очень сложно. Поэтому железнодорожники региона не раз обращали внимание на необходимость его замены. Новый дизель-генератор несколько дней назад доставили на территорию Защитинской дистанции сигнализации и связи. Его установят на объект примерно в конце мая – начале июня.

№42 (2972) 17/05/2024

ЧЕМПИОН ЕВРОПЫ И МИРА ИЗ ПОРТА КУРЫК

Работник порта Курык Абай Елемесов в составе сборной Казахстана по мини-футболу завоевал титул чемпиона Европы. Он стал автором первого гола в ворота соперников на финале Socca EuroCup 2024 в Молдове.



Казахстана уже два года. За это время стал чемпионом мира и чемпионом Европы.

Сокка – это мини-футбол среди любителей в формате «6 х 6». В этом виде спорта правила почти такие же, как в классическом футболе. Есть ряд нюансов с желтыми и красными карточками, аутом ногами, нет офсайда, а таймы длятся по 20 минут.

Первый чемпионат Европы по сокке прошел в апреле 2023 года, и его победителем тоже стала сборная Казахстана. Кроме того, в прошлом году она сотворила настоящую сенсацию и завоевала звание чемпионов мира по этому виду спорта. Береговой матрос порта Курык Абай Елемесов играет в составе сборной

В 2024 году казахстанцы повторили свой успех на чемпионате Европы, собравшем 22 команды из разных стран. В плей-офф сборная нашей страны победила футболистов из Испании и Германии. На групповой стадии обыграла Италию, Кипр и Оман.

В матче за выход в финал казахстанцы вновь разгромили сборную Омана – 3:0. А в финале

Socca EuroCup 2024, который прошел на минувших выходных в Кишиневе, с таким же разгромным счетом, всухую (3:0), одержали победу над сборной Хорватии.

Абай Елемесов внес свой вклад в победу, открыв счет в финальном матче. Сейчас сложно поверить, что когда-то в детстве он совершенно случайно оказался на футбольном поле.

– В школьные годы родители записали меня на уроки джумбы, но каждый раз, когда после занятий я шел мимо местной футбольной площадки, подолгу засматривался на сверстников, играющих в футбол. Однажды тренер, заметив мой интерес, позвал меня поиграть. С тех пор тайком от родителей вместо уроков джумбы я бежал на футбольное поле. Но обман вскоре вскрылся, учитель музыки сообщил родителям о моих пропусках, поэтому передо мной поставили выбор, и я, конечно, выбрал футбол, – вспоминает Абай Елемесов и с

улыбкой добавляет: – На джумбе тоже немного играю, год занятий не прошел зря.

Сегодняшний успех Абая Елемесова – это годы тренировок, долгие часы на футбольном поле, травмы, преодоление себя. Но все это стоит тех эмоций, которые испытываешь, поднимая над головой чемпионский трофей и прославляя на международной арене флаг страны.

– Эти ощущения не поддаются описанию, чтобы их понять, просто нужно играть и получить этот титул, – улыбается Абай Елемесов. – Мы очень рады, что вписали имя нашей страны в историю мирового мини-футбола. Стали двукратными чемпионами Европы. Впереди еще одно испытание – чемпионат мира, который пройдет в Омане осенью, там нам предстоит защитить титул чемпионов мира. Поэтому мы продолжим усиленно тренироваться.

Любовь РОВБА
Фото автора

ОТБОР ПРОШЛИ ЛУЧШИЕ

В Соль-Илецке среди команд филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» и Илецкого железнодорожного узла прошел отборочный турнир по настольному теннису и армрестлингу на чемпионат АО «НК «Қазақстан темір жолы», посвященный 120-летию Казахской железной дороги.



Илецкие железнодорожники умеют хорошо работать и активно отдыхать. Организаторами соревнований выступили инструктор по спорту Илецкого узла Мадихан Жартыбаев, председатели профсоюзных комитетов филиалов ИЖУ Еркем Шалабаев и ТОО «КТЖ – ГП» – «Илецк» Комар Сангаков.

В отборочном турнире по настольному теннису и армрестлингу приняли участие команды структурных подразделений Илецкой дистанции сигнализации и связи (ПЧ-6), Илецкой дистанции пути (ПЧ-3), станции Илецк (ДС), пункта технического обслуживания вагонов (ПТО), Илецкого локомотивного депо (ТЧЭ-27), Илецкого линейно-эксплуатационного участка электроснабжения и электрификации (ЭЧО), Илецкого железнодорожного узла (ИЖУ), пожарного поезда станции Илецк (ПП).

В поединках с воодушевлением и азартом принимали участие и мужчины, и женщины. Силушку молодецкую показали в армрест-

линге, а в настольном теннисе – меткостью и выносливостью. В итоге призовые места распределились следующим образом: в армрестлинге среди мужчин победителем стал Азамат Бигалиев, на третьем месте – Эрик Килибаев (ПЧ-3), серебряный призер – Алексей Бодашко (ПТО). Среди женщин первое место заняла Нурия Матаева (ДС), на втором – Азиза Даулетиярова (ПЧ-6) и третья – Нургуль Кушаханова (ИЖУ).

Не менее азартно прошел турнир по настольному теннису. Здесь победила инженер технического отдела ИЖУ Альбина Муфтиева, на втором – Лилия Курманалиева и на третьем – Диана Шаманова из Илецкой дистанции сигнализации и связи. Среди мужчин первое место занял Бахман Кутлюк (ПП), второе – составитель поездов ДС Булат Муканов, третье – осмотрщик-ремонтник вагонов ПТО-Илецк Руслан Халилов. Всем призерам вручены грамоты и подарки.

Яна ЛЕНИНА, Илецк
Фото автора

ЖЕЛАЯҚТАР ЖАРЫСЫ



Қазақстан темір жолының 120 жылдығы және жергілікті теміржолшы, спорт ардагері Паршина Наталья Евгеньевнаың 65 жас мерейтойына орай теміржолшылар арасында жеңіл атлетикадан жарыс өтті.



«Батыс» филиалы бойынша кәсіподақ ұйымы ұйытқы болған шара 11 мамыр күні өтіп, оған Шалқар, Қандыағаш, Жем, Шұбарқұдық және Ақтөбе станциясының теміржолшылары жоғары белсенділікпен қатысты.

Ашық аспан астында өткен жеңіл атлетика эстафетасы көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сайыс тәртібі бойынша әуелі қыздар, кейін жігіттер жарысты. Қатысушылардың жас ерекшеліктері әртүрлі болды, жас та, жасамыс та нағыз желаяқтарша өнер көрсетті.

Сайыс қорытындысы бойынша іріктеліп шыққан жүйріктер жүл-

делі орындарға ие болып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Баршаңызға денсаулық, амандық тілеймін. Ашық аспан астында бейбіт өмір сүруден артық бақыт жоқ. Салауатты өмір салтын ұстанып, ұзақ өмір сүріңіздер. Демалысқа қарамастан сіздердің бүгін мені қолдап жарыс жолына шыққандарыңыз қуантады. Рахмет айтамын!», – деді теміржолшы-ардагер Наталья Паршина.

Спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырханның айтуынша, жазға қарай ашық аспан астындағы спорттық шаралар жандана түспек.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суреттерді түсірген автор



ПОСВЯЩАЕТСЯ ЮБИЛЕЮ

В Высшем колледже электроники и коммуникаций среди железнодорожников узла Павлодар прошел турнир по мини-футболу, посвященный 120-летию со дня образования железной дороги Казахстана.

Участие в турнире приняли команды Павлодарской дистанции пути филиала АО «НК «КТЖ» – «Павлодарское отделение магистральной сети», Павлодарской дистанции сигнализации и связи филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ПТ», станции Павлодар, Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо, Екибастузского эксплуатационного вагонного депо.

В результате первое место заняла команда Павлодарской дистанции пути, второе – Павлодарского эксплуатационного локомотивного депо, тройку лидеров замкнули железнодорожники Екибастузского эксплуатационного вагонного депо. Призерам вручены кубки, грамоты, медали и памятные подарки.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

ЖАРАЙСЫҢДАР, ҚЫЗДАР!

Мамыр айындағы күнтізбелік жоспарға сәйкес теміржолшылар кәсіподағының Жамбыл филиалы спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен армрестлингтен, дойбы және үстел теннисінен спорттық жарыстар өтті.



Қазақстан темір жолының 120 жылдығына арналып өткізілген спорттық бәсеке қызықты өтті және тосынсыйларға толы болды. Ерлер арасында армрестлингтен жүлделі орындарды «ЖРС» ЖШС слесарі Пірімбек Ғалым, ВП-35 тракторшысы Сәрсембай Асылбек және ПЧ-51 жол дистанциясының жол монтері Әнуар Бейсенбаев иеленді. Ал әйелдер арасында өткен сайыста үш жүлделі орынды да ПЧ-36

белгі беру және байланыс дистанциясының нәзікжандылары жеңіп алып, айды аспанға бір-ақ шығарды. Жүлделерді өзара бөліскен

Сағат Жүнісбекова, Мадина Шарипова және Ақбота Ембергенова білекті де жүректі арулар деп дәріптелді. Сондай-ақ дейбидан өткен жарыста да үш бірдей жүлделі орын ВП-35 қалына келтіру пойыздың қызметкерлері Махат Байдалиев, Мейірган Аярбеков және Нұрлан Сахановқа бұйырды.

Үстел теннисінен өткен турнирде ПЧ-52 жол дистанциясының кезекшісі Сәрсембек Қуаныш, Талас станциясының пойыз құрастырушысы Алмаз Бопбеков және Тараз көліктік оқу орталығы филиалы – Теміржол көлігі персоналын бағалау және дамыту орталығының оқушысы Талғат Төлебековтің жолы болып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы грамоталармен, медальдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ардақ УСЕЙНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

ҮЗДІК ОЙЫНШЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Сарыағаштағы «Дарын» спорт кешенінде мини-футболдан сайыс өтіп, түркістандық теміржолшылар арасында үздік ойыншылар анықталды.



«Қазкөліккәсіп» ҚБ Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің кәсіподақ ұйымы ұйымдастырған спартакиадаға теміржол мекемелерінен іріктелген 8 команда қатысты. Ережеге сай екі айналымдық жүйемен кездесіп, финалда 4 команда шықты. Олар – ВЧД-24 пен ПЧ-38, ДС-1 және ВЧД-30 командалары.

Тартысты ойын нәтижесінде Сарыағаш станциясының командасы ІІ орынға иелік етсе, Арыс белгі беру және байланыс дистанциясының спортшылары ІІ орынды меншіктеді. Ал Арыс вагон пайдалану депосының сайыпқыран жігіттерінен құралған команда шебер ойын өнерінен көрсетіп, жарыс жеңімпазы атанды.

Саламатты өмір салтын ұстанып, бұқаралық спорттың дамуына атсалысқан барлық спортшылар мен команда мүшелері ұйымдастырушылар тарапынан бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Сарыағаш
Суретті түсірген автор

ЗАЩИТА И ТОЧНОСТЬ БРОСКА

На станции Караганда-Сортировочная состоялось первенство по баскетболу Карагандинского отделения ГП и отделения магистральной сети, приуроченное к 120-летию образования железной дороги Казахстана, на призы Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

По традиции вначале мероприятия председатель Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Альмузин пожелал хорошей и продуктивной игры, корпоративного единства и духа. Железнодорожники станций и перегонов активно готовились к турниру. Все свободное от работы время они проводили в спортзале, оттачивая скорость, реакцию, силу и точность броска мяча. По мнению болельщиков, турнир был ярким и насыщенным. Особенно им запомнилась схватка между командами ТЧЭ-15 станции Жанаарка и сборной команды Карагандинского отделе-



ния ГП. По итогам первенства в номинации «Полезный игрок» победил работник ТЧЭ-15 Жанаарка Ардақ Тажибаев, «Лучшим нападающим» стал Коркем Маханов со станции Жарык, «Лучшим защитником» – работник станции Карагайлы Бауржан Исабаев, а лучшим центральным игроком стал представитель Карагандинского отделения ГП Канат Кудайбергенов.

В командном зачете первое место заняла сборная Карагандинского отделения ГП, второе – команда ТЧЭ-15 станции Жанаарка и третье – сборная команда станции Жарык. Победителям, призерам и номинантам первенства были вручены призы от Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ТУРНИРДЕ БАС ҚОСТЫ

Қазақстан темір жолының 120 жылдығы мен Маңғыстау темір жолының 60 жылдығын атап өтуге арналған іс-шаралар аясында түбектік теміржолшылар арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды.

Түбектегі барлық теміржол мекемелері мен станциялардың сайланып шыққан командалары Маңғыстау станциясындағы спорт кешенінде өткен турнирде бас қосты. Жарысқа Бейнеу, Болашақ, Шетпе станцияларының құрамалары, бір ғана Маңғыстау станциясынан алты команда қатысып, өзара бақ сынасты.

Турнир нәтижесінде І орынға Маңғыстау жол дистанция-

сының, ІІ орынға Маңғыстау қосалқы бөлімінің, ІІІ орынға Маңғыстау локомотив депосының командалары ие болды. Сонымен қатар «Үздік футболшы» аталымын тепловоз машинисі Мұса Битан, «Үздік қақпашы» марапатын жол жөндеуші Ержан Ибрагим, «Үздік сүрмерген» номинациясын жол жөндеуші Саясат Садақбаев алды. Ал «Үздік шабуылшы» марапаты Болашақтан келген



станция кезекшісі Мейрамбек Мархамбетовке бұйырды.

Жүлдегерлер кәсіподақ ұйымы тарапынан тиісті сый-сияпатпен марапатталды.

Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылманың таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдей басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубайбаев 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабайев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.